

# АМІКҚЫН

## «Құлагер» қалай «сотталды?»

**Бір кезде Шәкен Аймановтың шақыртуымен Қазақстанға келіп жұмыс істеген «Түрікменфильмнің» режиссері Болат Мансұров өткен ғасырдың 70-жылдарының екінші жартысында Ресейге кетуге мәжбүр болады.**

Оған ол түсірген «Құлагер» фильмін прокатқа мүлдем шығармай тастауы себеп болған. Ал «Құлагер» фильмі аттай он алты жыл сөреде шаң басып жатты. Болат Мансұровтың өзін, көптеген халықаралық кинофестивальдердің лауреаты екеніне қарамастан, көп жылдар бойы экранға жолатпай қойды.

«Құлагер» фильмін көрген сол кездегі Қазақстан басшысы Дінмұхамед Қонаев: «Фильм тамаша, бірақ оны көрсететін уақыт әлі келген жоқ» деп бірауыз сөзбен пікірін білдіріпті. Әрине, мәселе Қонаевқа тікелей тіреліп тұрған жоқ, фильм тағдырын ол кезде КСРО Мемкиносының цензуралық коллегиясы, одан әрі Орталық Комитет шешетін. Сол тұста бүкіл Кеңес Одағы бойынша 60 фильмді көрсетуге тыйым салынған екен. Ал «Құлагерге» «соцреализмнің» эстетикалық канонына сай келмейтін, халыққа қарсы түсірілген кино» деген басты айып тағылған. Өз ортасына сыймаған басты кейіпкер Ақан серінің тағдыры арқылы қашқын жазушы Солженицынның тағдырын көрсеткендей күй іздепті жарықтықтар. Сол кездегі идеологияға күшті еркектің мінезі керек емес еді, көптің ішінен ешкім дараланып шықпауы тиіс еді. Фильмді сол кезде Алматыға келіп көрген режиссер,

актер Отар Иосилиани көзіне жас алып, «Мәскеуге барған соң Ермашпен сөйлесіп, бәрін ақтарып айтамын» депті және солай істеген. Ал Мемкиноның төрағасы Ермаш оған: «Егер сен де осындай фильм түсірсең, оны да сөреге тығып тастаймыз» деп жауап беріпті. Әрине, Ермаштың өзі де сол кезде уақыттың тұтқыны болғаны анық. Осыдан кейін Отар Иосилиани Парижге эмиграцияға кетуге мәжбүр болыпты.

«Құлагер» фильмінің музыкасын әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев, ал сценарийін Асқар Сүлейменов жазған. Бұл фильмде әлем атакты арғымақ, жүйріктердің жүйрігі Абсенттің көзімен беріледі. Ал картинадағы Құлагерге Абсенттен туған құлын «Кептер» атты жүйрік түскен. Оған мініп шапқан жас бала Әлішер Сүлейменов еді.

Қазақ мәдениетінің білгірі Ақселеу Сейдімбек 1987 жылы осы «Құлагер» фильміне қатысты 16 кемшілікті тізіп шыққан екен. Олар мынадай:

1. Сағынайдың асынан басталатын оқиға қалың бейіт-қорымның ортасында өтеді. Ал қазақ дәстүрінде асқа мейілінше қолайлы, оты-суы мол, шымдауыт, шаңы шықпайтын жер таңдалатын болған.

2. Сағынайдың бәйбішесі күйеуінің қағазға жазып кеткен аманат-өсиетін Батырашқа оқып береді. Онда бір жігітті дарға асып, біраз адамды сабап, дарға асылған жігіттің жас баласын жатжұрттық етіп, тегін ұмыттыру тапсырылған. Бұл да көшпелілер тарихында болмаған сұмдық. Ас беру игі тілектің, аруақты сыйлаудың жоралғысы болған.

3. Ас беріліп жатқан жердегі бейіт пен киіз үйдің ортасына бір отар совет мериносын айдап келіп, оны өңшең жалақтаған жүгенсіз жігіттер қан сасытып соя бастайды. Мүлде қисынға келмейтін жабайы көрініс. Қазақ дәстүрінде асқа келген адамдарға сойылған малдың қанын көрсетпейтін болған.

4. Күреңбай сыншының шашы иығын жауып жүр. Бұл да қазақ дәстүрінде жоқ үрдіс. Шаш қойған екен айдар етіп қою керек. Айдар Біржан салда болған.

5. Ас үстінде Батыраш тақтан түспейді. XIX ғасырда қазақ хандарының өзі тақтан айырылғанда, бар болғаны даланың сасық байы Батырашқа қайдан келген тақ. Ол аз дегендей-ақ, Батыраш қолынан қылышын тастамайды. Бұл қайдан шыққан рәсім?

6. Батыраштың қолында ноқталы қара құлдың бас жібі отырады. Қара құл ит сияқты тақ түбінде жатып, тақалған адамға гүж етіп ұмтылады. Мұндай түпсіз өтірік қайдан алынған? Барша тарихи-этнографиялық деректерде көшпелі қоғамда құлдықтың болмағаны бірауыздан мойындалады.

Фильмде Батыраш перғауын сияқты бейнеленген. Қай қоғам, қай орта, қай ел, қай заман екенін білу мүмкін емес. XIX ғасырдың тарихи шындығы жайына қалған.

7. Батыраштың алдында француз корольдарының жанында жүретін шут сияқты бір шайқымазақ жүреді. Ол білгенін істейді. Бұл да қазақ қоғамында болмаған әлеуметтік тип.

8. Фильмдегі сал, би, батыр сияқты әлеуметтік типтер мейілінше дәрменсіз, құр әншейін кара көрсетіп жүреді.

9. Ортаға қойылған тайтүзген қазанға қара май құйып, оның түтінін будақтатып өртеумен болады. Бұл да мүлде өтірік, дәстүрге жат көрініс.

10. Бәйгеге қосылатын аттарды тізгін-саулығынан тартқылап, ас беріліп жатқан үйдің алдында кезек-кезек ойнақтатады. Қазақ дәстүрінде бәйге аттарының көрмесі оңаша болған.

11. Бәйгеге шабатын балалар қолдарына бір-бір факел ұстап, оттарын лаулатқан қалпы ауылдан аттанады. Қазақ «от шығарма», «от шашпа», «от айналма», «жерошақ аттама» дейтіні отты киелі санағандықтан. Әлгіндей сұмдық көшпелілердің ұзына тарихында болмаған.

12. Киім-декорацясы нағыз қойыртпақ-масқара. Салдың үстінде көбелек бант тағылған фрак, басында тік кемерлі шляпа. Ал Ақан серінің үстінде кәдуелгі жылқышылар киетін бешпент пен жеңсіз тайжақы. Басында күнкағар, масадан қорғайтын салпыншақ күләпара. Ақан сері бұлай киінбесе керек-ті.

13. Қайдан келгені белгісіз, кім екені белгісіз, кімнің қызы екені белгісіз «девушка-джигит» деген бір қыз қолына қанжар ұстап, себеп салдарсыз би билеп, ән айтады. Оған Ақан сері ғашық боп қалып, оны өмір бойы елестетіп өтеді. Ол қызды ойда-жоқта белгісіз біреулер ұрлап әкетеді. Бұл неғылған сұрауы жоқ қыз?

Қазақ дәстүрінде «қыз-жігіт» деген әлеуметтік тип жоқ. Рас, ұлы жоқ үй кейінгі туған қызын еркекшора етіп тәрбиелеп, ер балаша киіндіріп, ұл көру үшін ырымдап жасайтын дәстүр болған.

14. Қамыс ішіне жасырынып, Құлагерді мылтықпен атпақшы болып отырған қарақшы «ой, сүйер ме еді тамағынан» деп үздігіп, қайдағы бір ғашықтық әнін сұңқылдатады. Қарақшының да ұлттық ерекшелігі болуы тиіс. Себебі ол да бір әлеуметтік ортаның өкілі ғой.

15. Ат бәйгесі негізгі оқиғаның өзегі ғой. Алайда ат бәйгесінің дәстүрлі рәсім-тәртібі мүлде сақталмаған.

16. Ең өкініштісі, фильмде Ақан серінің тағдыры жоқ, Ақан серінің әні жоқ, биік өнері жоқ, нәзік сезімі жоқ. Бақыт та, Нұрғали да жақсы әншілер. Өзіндік үн, өрнектері бар, жұртшылыққа сүйікті әншілер. Бірақ Ақан серінің әнін айтатын әншілер емес.

Фильмді қоюшылар тарихи-этнографиялық деректі қазақ өмірінен алмаған, үндістер мен папуастар туралы түсірілген шетелдік кинолардың этнографиясына көбірек еліктеген. Бұған қоса өздерінің мүлде қате талғамы-түсініктеріндегі қайдағы бір қияли елестерді киліктірген, – деген марқұм Ақселеу Сейдімбектің бұдан 28 жыл бұрын айтқан пікірі ашы шындықтан алшақ кетпегенмен, оның ақ-қарасын ажырату мен төрелігін айтуды оқырманның еншісіне қалдырдық.

Жазушы Сәтімжан Санбаевтың «Ақ аруана» повесі бойынша 1973 жылы түсірілген «Ақ таулар арасында» фильмі де 15 жыл сөреде сарғайып жатқан. Тек он бес жылдан кейін барып КСРО Мемкиносы жанындағы комиссия фильмді прокатқа шығаруға рұқсат берген. «Тағдырдан көп таяқ жеген қарт Мырзағали түбі түркімен әлде Маңғыстау жақтан келген ақ аруанасын баладан бетер аялайды. Бір күні кесел мендеп, ауруханаға жатып қалғанда, бураны шөктірту үшін аруананың көз тамырын қиып жібереді. Аруана бір өркешті нар түйе болғандықтан, жергілікті екі өркешті бураны өзіне шөктіртпейді. Сол үшін көз тамырын қияды. Ботасын туған соң аруана біржола суқараңғы соқыр болып қалады. Бір күні буыны қатқан ботасымен бірге кең далаға қашып, Отанына тартып кетуге соқырлығы да кедергі бола алмаған аруананы Мырзағали бостандыққа жіберуге

мәжбүр болады. Фильмнің қысқаша мазмұны осындай. Сол фильм түсірілген 70-жылдары кеңестік немістер Германияға, ал еврейлер Израильге кетуді бастаған кезең болатын. Картинаны көріп шыққан сол кездегі Орталық Комитеттің идеология бойынша үшінші хатшысы Саттар Имашев фильмді прокатқа шығаруға мүлдем болмайды деп кесіп-пішіпті. Себебін сұрағандарға: «немістер мен еврейлер тарихи отанына қайтуға рұқсат сұраса, біз ыңғайсыз жағдайда қаламыз» деп жауап беріпті. Фильмде келген жерін жерсінбей, кең далаға ұмтыла беретін түйені ақыр түбі бостандыққа жібереді ғой, қырағы көз идеологтың соны меңзегені. Мырзағали қарттың рөлін сомдаған Нұрмұхан Жантөрин «Ақ аруана – бұл менмін» деген екен. Жанының жаралылығын, өзінің даралығын айтқаны шығар. Фильмнің музыкасын жазған Ғазиза Жұбанова ақ аруананың жанайқайын жеріне жеткізе білген. Сәтімжан Санбаевтың мамандығы ветеринар болғандығын және қазіргі Атырау облысының Мақат ауданында туғандықтан, түйенің шұбатын ішіп өсіп, жастайынан өзіне жете таныс ұлық жануардың психологиясын жетік бере білгендігін айта кетелік. Шыңғыс Айтматов бұл повеске тәнті болып, «Правда» газетіне сүйсініп мақала жазған. Бір кезде өзі де ветеринар болып жұмыс істеген Шыңғыстың «Қош бол, Гүлсарыны» мөлдіретіп жазуында да мамандығының қосқан үлесі бары анық.

Режиссер Мәжит Бегалиннің «Отқа оранған Орал» фильмі отыз жыл бойы мұрағатта сарғайып жатқан. Бұл фильм Орал қаласының маңында, Жайық өзенінің жағасында түсірілген. Орал қаласын ақтардан азат ету үшін Алашорда атты әскер полкі қатысып, екінші жақтан қызылдар шабуыл жасайды. Осы эпизодтар режиссерге сор болып жабысып, фильм тағдырын ауырлатып жібереді. Фильмнің әскери кеңесшісі болған генералдар «Алашорда деген пәлені қайдан тапқан?» деп, Мәскеуге арызды қарша боратады. Сонымен, «Отқа оранған Орал» мұрағатта отыз жыл жатып қалады.

Мәжит Бегалиннің «Тұлпардың ізі» фильмінің де жолы ауыр болады. Бұл фильмде мал баққан қарапайым шаруа отбасының өмірі арқау болады. Режиссер ең алдымен дала экзотикасына, адам жанының тылсым сырларына үңілуді мақсат етіп, психологиялық нюанстарды арқау еткен. Бастан-аяқ ауыр үнсіздік жайлаған «мылқау» фильмі үшін Мәжекенді Батысқа еліктеген және кеңестік көрермендерге түсініксіз кино түсірген деп айыптайды.

Біз бүгін кеңестік цензураның қыспағына ұшыраған бірқатар қазақ киноларын сөз еттік. Әрине, «сотталған» фильмдердің бұлармен шектелмегені белгілі және оның бәрін қамтуды мақсат тұтпадық.

**Тәшенов Төреғали**